

“Қазатомөнеркәсіп” Ұлттық атом компаниясы” акционерлік қоғамының

АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТИСІ

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ

Уәкілетті органмен жарияланған акцияларды шығарудың мемлекеттік тіркеуі проспектіде жазылған акцияларды сатып алуға сәйкес инвесторларға қандай да болсын ұсыныстарды ұсынуды білдірмейді. Жарияланған акциялардың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған уәкілетті орган берілген құжаттағы ақпараттың дұрыстығы үшін жауап бермейді. Акцияларды шығару проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қарастырылған. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың дұрыстығына жауап береді және ондағы берілген бар ақпараттың дұрыстығын және инвесторларды қоғам мен ол орналастыратын акцияларға қатысты жаңылуға әкеліп соқтырмайтынын растайды.

Алматы 2005

1. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК немесе Компания деп аталады) Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазатомөнеркәсіп» ашық акционерлік қоғамды мемлекеттің жүз пайыз үлесі бар жабық акционерлік қоғам нысанындағы «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» етіп қайта құру туралы” 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығымен құрылды.

Компания уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, екі ұдай қолданыстағы материалдардың экспорты мен импорты бойынша бас оператор болып табылады.

2. Акционерлік қоғамның атауы

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
қазақ тілінде	«Қазатомөнеркәсіп «Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ
орыс тілінде	Акционерное Общество «Национальная атомная компания «Казатомпром»	АО НАК «Казатомпром»
ағылшын тілінде	Closed Joint-Stock Company «National atomic company «Kazatomprom»	NAC «Kazatomprom»

3. Акционерлік қоғамның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы мәлімет

Алматы қаласының Әділет департаментінде 2005 жылдың 13 сәуіріндегі № 18975-1910-АО Мемлекеттік қайта тіркелгендігі туралы куәлік.

4. Салық төлеушінің тіркелу нөмірі

СТН 181600039479

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондары мен факс нөмірлері, электронды поштаның адресі туралы ақпарат

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 480012, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 168

Тел: 61-15-57

Факс: 50-35-41

Эл. пошта: DKostubaeva@kazatomprom.kz

6. Акционерлік қоғамның банк деректемелері

ИИК (KZT) 016467713

ИИК (USD) 615070226

Халық Банк ОПЕРБАС Алматы қаласы

ББИК 190501601

7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы (бұдан әрі – «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК, Компания деп аталады) Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясын жарғылық қорында мемлекеттің жүз пайыз үлесі бар жабық акционерлік қоғам нысанында құру туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығымен құрылды. Компания уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, екі ұдай қолданыстағы материалдардың экспорты мен импорты бойынша бас оператор болып табылады.

«Қазатомөнеркәсіп»ҰАК АҚ қызметінің негізгі мақсаты ішкі және сыртқы рынокта бәсекеге қабілетті мемлекеттің индустриалды кешенін реттеуге, табиғи шикізатты қайта өңдеу жиынтықтығын арттыруға, металлургияда ғылымды қажет ететін жоғары технологиялық дамуға, әлемдік уран рыногында және сирек металдар рыногында Қазақстанның жеке позициясын құруға бағытталған Қазақстан Республикасының өндірістік-технологиялық саясатын жүргізу болып табылады.

Компания қызметінің негізгі бағыттары болып:

- табиғи уранды қазып алу;
- уран өнімін шығару;
- бериллий өнімін шығару;
- тантал, ниобий өнімін және плавик қышқылын шығару;
- электр, жылу энергиясы мен суды өндіру.

Компания қызметінің мәні уранды және оның қосылыстарын барлау, өндіру, қайта ұқсату, атом электр станциялары үшін ядролық отынды өндіру, атом-энергетикалық кешен өнімін әлемдік рынокта сату, ядролық материалдардың мемлекеттік резервін ұстау және қызмет көрсетуді жүзеге асыру (мемлекет мүдделерін қамтамасыз ету барысында), сондай-ақ республиканың уран кен орындары бойынша геологиялық ақпарат мониторингіне ықпал жасау және оның сақталуы мен таралуына бақылау жасау.

8 Акционерлік қоғамға немесе халықаралық рейтинг агенттіктерімен және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агентігі шығарған олардың бағалы қағаздарына берген рейтингтердің бар екендігі туралы мәліметтер

Жоқ.

9. Филиалдар мен өкілдіктердің орналасқан жері мен пошта мекен-жайы, тіркелген күні, атауы

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 06.07.2004ж. сырттай отырысының № 7 Хаттамасына сәйкес 100% «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» ЖАҚ үлесімен «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-қа тиесілі жиырма бес және одан да көп пайыз сомасын құрайтын активтерді «Тау-кен компаниясы» ЖШС-тің жарғылық капиталына беру жолымен «Тау-кен компаниясы» ЖШС-ті құру туралы шешім қабылдаған болатын. Осы шешімді орындау үшін «Тау-кен компаниясы» ЖШС-тің жарғылық капиталына «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» АҚ филиалдарына «№6 кен басқармасы», «Орталық кен басқармасы», «Аффинаждау зауыты» , «Орталықтандырылған авто жүк тиеу, түсіру базасы» және «Степной кен басқармасы» тиесілі мүліктің бөлігі берілді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, сондай-ақ «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК»АҚ-тың жоғарыда аталған филиалдарының балансында қажетті мүліктің жоқ болуына

байланысты «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» АҚ филиалдарының қызметі тоқтатылды (жабылды) және 01.01.2005ж. жай-күйге байланысты Қазақстан Республикасының сәйкес әділет органдарында оларды есепті тіркеуден шығару жүргізілуде.

«Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» ЖАҚ өкілдіктері

Атауы	заңды мекен-жайы	нақты орналасқан жері	тіркеу туралы мәліметтер	қызметтің негізгі түрі
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Мәскеу қаласындағы өкілдігі	Мәскеу қаласы, Большая Ордынка көшесі, 24/26, офис 607-608 (Ресей Атоммині).	Мәскеу қаласы, Большая Ордынка көшесі, 24/26, офис 607-608 (Ресей Атоммині).	Ресей Федерациясы Әділет министрлігінің жанындағы мемлекеттік тіркеу палатасы 2003 жылғы 11 наурыздағы № 9245.1 куәлігі. 2003 жылғы 24 наурыздағы № 5607 рұқсаты. Мемлекеттік жинақ тізіліміне енгізу туралы 2003 жылғы 24 наурыздағы № 9245 куәлік.	Мәскеу қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ мүдделерін ұсыну және Компанияның тапсырмаларын орындау.
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Астана қаласындағы өкілдігі	Астана қаласы, №5 ықшам аудан, Жұмабаев көшесі, 8/1 үй, 5,6 пәтер	Астана қаласы, №5 ықшам аудан, Жұмабаев көшесі, 8/1 үй, 5,6 пәтер	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Астана қаласындағы Әділет басқармасында 10.01.02ж. тіркелген. Өкілдіктің қайта тіркелуі есебі туралы куәлік 10.01.02ж. № 1257-1901-П-о.	Мәскеу қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ мүдделерін ұсыну және Компанияның тапсырмаларын орындау.
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Австрия Республикасы, Вена қаласындағы өкілдігі	Феликс Моттльштрассе көшесі, 23 үй 1190 Вена Австрия Республикасы	Феликс Моттльштрассе көшесі, 23 үй 1190 Вена Австрия Республикасы	Вена қаласындағы Коммерциялық сотта 06.11.2003ж. тіркелген. Фирмалар кадастрііндегі тіркеу нөмірі FN240344 у 74 Fr 8287/03 d-3 06.11.2003 ж.).	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-тың мүдделерін Австрия Республикасында, оның ішінде МАГАТЭ және ядролық жеткізушілер тобына ұсыну, Компанияның тапсырмаларын орындау.

10. Қаржылық есеп аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның толық ресми атауы

1999 жылдан 2003 жыл бойы Компанияның қаржы есебінің аудитін «КРМЖ Janat» ЖШС аудиторлық компаниясы жүргізді. 2004 жылы Компанияның қаржы есебінің аудитіне «Делойт және Туш» ЖШС аудиторлық компаниясымен шарт жасалынды.

ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР (АКЦИОНЕРЛЕР)

11. Компанияның Директорлар кеңесі

2003 жылдан осы күнге дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 05 сәуірдегі № 328 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі «Кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамдары туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» №1051 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» қаулысына сәйкес төмендегі құрамда ұсынылды:

Аты-жөні	Позициясы
Бірлік Есіркепұлы Оразбаев	ҚР Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, төраға
Нұрлан Әбділдаұлы Искаков	ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 10.2001 -03.2005 – ҚР Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі; б) 03.2005 – қазіргі уақытта ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің меңгерушісі.
Мақсұтбек Смағұлұлы Раханов	ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы
Ғазиз Қоршабекұлы Шыналиев	ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі бастығының орынбасары <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 10.2001 – қазіргі уақытта ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Өндірістік сала және инфрақұрылым бөлімі бастығының орынбасары.
Мұхтар Еркінұлы Жәкішев	«Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» АҚ президенті <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 02.2002- қазіргі уақытта «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» АҚ президенті.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ **акцияларының жүз пайызы** Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мемлекетке тиесілі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету мен оны пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне берілген.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің бірі М.Е.Жәкішевке «Үлбі металлургия зауыты» ААҚ-тың 1 (бір) акциясы тиесілі, ол қоғамның жалпы акциялар санының 0,000037 % құрайды, 90 % көлеміндегі акциялардың мемлекеттік

пакеті «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ-тың Жарғылық капиталына кіреді. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мен олардың аффилирленген тұлғаларында қоғамның еншілес және тәуелді кәсіпорындарының акциялары (жарғылық капиталдағы үлесімен) жоқ.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында өткен екі жыл ішінде (2003-2004 жылдары) өзгерістер болған жоқ.

12. Компанияның алқалы атқарушы органы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2005 жылғы 12 сәуіріндегі шешімімен (ал Басқарма Төрағасы Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2002 жылғы 25 ақпандағы №56-к бұйрығымен) мына құрамда тағайындалды:

Мұхтар Еркінұлы Жәкішев, 1963 жылы туылған	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» ЖАҚ президенті, төраға <i>соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 08.1998-08.2001-«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ президенті; б) 10.2001-02.2002- ҚР Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі; в) 02.2002-қазіргі уақытта - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ президенті.
Асқар Серікбайұлы Қасабеков, 1962 жылы туылған	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» ЖАҚ вице-президенті <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 10.2001-10.2002 - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ президенті; б) 03.2002–11.2004 – Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары; в) 11.2004 - қазіргі уақытта - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті.
Малхаз Владимирович Цоцория, 1963 жылы туылған	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 03.1999–қазіргі уақытта - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті.
Дмитрий Николаевич Парфенов, 1963 жылы туылған	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 10.2001-05.2002 - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті; б) 05.2002-11.2002 – ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі; в) 11.2002-01.2003 - ҚР Премьер-Министрінің штаттан тыс кеңесшісі; г) 01.2003- қазіргі уақытта - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті.
Галина Ивановна Окшина, 1946 жылы туылған	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 07.1997-қазіргі уақытта - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ бас бухгалтері.
Сергей Алексеевич Яшин, 1965 жылы туылған	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті. <i>Соңғы үш жылда атқарған қызметі:</i> а) 01.2000-03.2002 – “ҮМЗ” АҚ уран өндірісінің директоры; б) 04.2002-03.2003 - “ҮМЗ” АҚ Бас директорының орынбасары; в) 03.2003-08.2004 - “ҮМЗ” АҚ Бас директорының бірінші

	орынбасары; г) 08.2004-11.2004 - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарушы директоры; д) 11.2004- қазіргі уақытта - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ вице-президенті.
--	--

Басқарма мүшелерінде «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» ЖАҚ акциялары (жарғылық капиталының үлестері) жоқ.

13. Соңғы қаржылық жыл ішінде қоғамның лауазымды тұлғаларына төленген сыйақы мен еңбекақының жалпы сомасы

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы қоғам құрылған кезең ішінде төленген емес. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының атқарушы органының мүшелері, қазіргі кезге Компания қызметкерлері болып табылады, штат кестесіне сәйкес еңбекақысын алады, Басқарма мүшелерінің қызметін атқаруына байланысты қосымша сыйақыларды алмайды.

14. Компанияның ұйымдық құрылымы

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың ұйымдық құрылымына әртүрлі қызмет түрлерімен айналысатын еншілес және тәуелді кәсіпорындар жатады. Қолданылып отырған басқару құрылымы еншілес және тәуелді кәсіпорындардың бірыңғай стратегиялық әкімгершілік принципін қолдануға мүмкіндік береді.

Компания осы Проспектінің 16 бөлімінде баяндалған еншілес ұйымдар мен тәуелді акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталындағы үлестерге иелік етеді. Көрсетілген ұйымдарда акциялардың бақылау пакеттерінің иелік үлестерінен шыға отырып «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК тікелей және (немесе) жанама түрде еншілес ұйымдар мен тәуелді акционерлік қоғамдар қабылдайтын шешімдерді анықтауға және (немесе) өз ықпалын тигізуге мүмкіндігі, қаржылық немесе басқа саясатты анықтау барысында бақылауға құқығы бар. «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК» АҚ және оның барлық еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдары Топ құрайды. Үкіметтің Компания құрылған кезде берген уәкілеттігі бойынша «Қазатомөнеркәсіп»ҰАК уран мен оның қосылыстарының, атом энергетикасы станцияларына арналған ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, екі ұдай қолданыстағы материалдардың экспорты мен импорты бойынша бас оператор болып табылады. Сондықтан Компанияның қызметін өндіруші компания шеңберінде сипаттау Қазақстан Республикасының уран өндірісінің барлық циклдары қызметінің толық суреттемесін бермейді.



2. 01.04.05ж. жай-күйіне байланысты Компания қызметкерлерінің жалпы саны:

- орталық аппарат және өкілдік -236 адам;
- еншілес кәсіпорындармен қоса барлығы – 19 340 адам.

3. Компанияның 100% акциясы Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мемлекетке тиесілі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысына сәйкес акциялардың мемлекеттік пакетіне иелік ету мен оны пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне берілген.

4. Басшылар туралы мәлімет:

Компанияның:

- а) Президент – Мұхтар Еркінұлы Жәкішев, 1963 ж.
- б) Вице-президент – Дмитрий Николаевич Парфенов, 1963 ж.
- в) Вице-президент – Асқар Серікбайұлы Қасабеков, 1962 ж.
- г) Вице-президент – Малхаз Владимирович Цоцория, 1963 ж.
- д) Вице-президент – Сергей Алексеевич Яшин, 1965 ж.
- е) Бас бухгалтер – Галина Ивановна Окшина, 1946 ж.

- Компания өкілдіктері:

- а) Астана қаласындағы, директоры- Мұхтарбек Жүнісбекұлы Әмірханов, 1955ж.
- б) Мәскеу қаласындағы, директоры – Геннадий Михайлович Исаков, 1940 ж.
- в) Вена қаласындағы, Австрия Республикасы, директоры –Баян Есенова, 1980 ж.

15. Компания акционерлері

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазатомөнеркәсіп» ашық акционерлік қоғамды мемлекет жүз пайыз үлесі бар жабық акционерлік қоғам нысандағы «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» етіп қайта құру туралы” 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығымен құрылды.

Компанияның құрылтайшысы бүгінгі таңда Компанияның жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Дауыс беруші акцияларды сатып алуға опциондар жасасылған жоқ.

16. Ұйымның үлестірген акцияларының (жарғы капиталындағы үлестер) он және одан да көп (халықтық акционерлік қоғамда – бес және одан көп) пайыздарына ие - ірі акционерлер болып табылатын акционерлік қоғам болатын ұйымдар туралы мәлімет

Компания төмендегілерге ие:

1. “Волковгеология” ААҚ жарғылық капиталынан 65,1 % - уран кен орындарының барлық типтерін барлау мен зерттеуде бай тәжірибесі бар, Қазақстан Республикасының барлық аумағында радиоэкологиялық зерттеу бойынша жұмыс жүргізетін, геологиялық барлау бейініндегі кәсіпорын.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі,168.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі,168.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 08.02.1999 жылғы Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №2597-1910-АО, алғашқы мемлекеттік тіркеу - 11.07.94 жылы.

Жетекшісі: Берікболов Бақытжан Рахметұлы.

2. “Үлбі металлургиялық зауыты” ААҚ жарғылық капиталынан 90,19% - атомдық, аэрокосмостық, электротехникалық өнеркәсіп және прибор жасау үшін материалдар шығаруда маманданған. “ҮМЗ” ААҚ ВВЭР және РБМК реакторлары үшін төменгі байытылған ураннан таблеткаларды, сондай-ақ әртүрлі бериллий, тантал және ниобий өнімдерін, плавик қышқылын негізгі өндіруші болып табылады.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., Абай даңғылы, 102.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 17.12.1998 жылғы Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №662-1917-АО, алғашқы мемлекеттік тіркеу - 31.10.94 жылы.

Жетекшісі: Мусин Нұрлан Рысханұлы.

3. “МАЭК-Қазатомөнеркәсіп” ЖШС (жалғыз құрылтайшы) жарғылық капиталының 100 % - электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді, таратуды жүзеге асыратын стратегиялық энергия кәсіпорны, ауыз суын, тазартылған, техникалық және теңіз суды өндіреді және жібереді.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау обл., Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ.

Тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау обл., Ақтау қ., Өнеркәсіптік аймақ.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 28.02.2003 жылғы Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №5366-1943-ТОО.

Жетекшісі: Ибраев Бауыржан Мұхтарханұлы.

4. “Катко” ЖШС жарғылық капиталының 49 %. “Катко” ЖШС ОҚО-ның “Мойынкұм” уран кен орнын өңдеуде, геологиялық барлау, қайта өңдеу, тасымалдау жұмыстарын жүргізеді және уран өндірісінің радиоактивті материалдарын сақтайды.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ОҚО, Созақ ауданы, Таукент к., Сәтбаев к.2.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Митин көшесі,11.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 04.06.2004 жылғы Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №9524-1958-ТОО (И/У), алғашқы мемлекеттік тіркеу - 31.05.96 жылы..

Жетекшісі: Бенуа де Гальбер

5. “Ыңғай” БК” ЖШС жарғылық капиталының 40 %. “Ыңғай” БК” ЖШС ОҚО-дағы “Ыңғай” кен орнын өңдейді.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ОҚО, Созақ ауданы, Тайқоңыр к., Южная,4.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 240 (“Достар”бизнес-орталығы).

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 07.12.1998 жылғы Мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №9783-1958-ТОО (И/У) .

Жетекшісі: Бреус Сергей Сергеевич.

6. ЖАҚ “Заречное” шетелдік инвестициялы Қазақстан-Ресей-Қырғыз бірлескен кәсіпорыны” (ары қарай “Заречное” БК) жарғылық капиталының 45 %. “Заречное” БК ОҚО-ның “Заречное” кен орнынан уран өндіру мақсатында, құрамында уран бар кендерді

өндіру мен қайта өңдеу бойынша қуаттарды жобалау мен салу үшін, сонымен бірге “Заречное” кен орнында осы қуаттарды пайдалануға құрылған.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ОҚО, Шымкент қ., Жібек жолы көшесі, н/ж.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 168.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 21.01.03 жылғы Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №16980-1958-АО (И/У) .

Жетекшісі: Демехов Юрий Васильевич.

7. “Ядролық отынды өндіру бойынша Украин-Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорыны” ЖАҚ (ары қарай – “УҚР ТВС” БК) жарғылық капиталының 33,3 %. “УҚР ТВС” БК Украинаның атом электростанциялары үшін ВВЭР-1000 үлгілі реакторлық қондырғыларына бәсекеге қабілетті ядролық отынды бірлесіп өндіру мақсатында құрылған.

Заңды мекен-жайы: Украина, Киев қ., Константиновская көшесі, 31

Нақты тұрған жері: Украина, Киев қ., Константиновская көшесі, 31

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 28.11.2001 жылғы Тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №38270947.

Жетекшісі: Уманец Михаил Пантелеевич.

8. “Жоғары технологиялар институты” ЖШС (“ЖТИ” ЖШС) жарғылық капиталының 50 %. “ЖТИ” ЖШС – өндірістің тау-кен-металлургиялық және мұнай салалары үшін ғылыми-зерттеу әзірліктері, жобалау-зерттеу жұмыстары қызметтерін, консалтингтік қызметтерді көрсетуде жаңа технологиялар аясындағы кешенді кәсіпорын. Институттың аймақтық және мемлекеттік салалардың даму бағдарламаларын дайындауда тәжірибесі бар.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 168.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 168.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 05.02.02 жылғы Тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №45641-1910-ТОО.

Жетекшісі: Дүйсебаев Бауыржан Оразұлы.

9. “ГЕОТЕХНОЛОГИЯ” Қырғыз-Қазақстан Аймақтық оқу-әдістемелік орталығы” ООО (“ГЕОТЕХНОЛОГИЯ” АОӘО ОсОО) жарғылық капиталының 50%. “ГЕОТЕХНОЛОГИЯ” АОӘО ОсОО тау-кен өндірісі және қайта өңдеу өнеркәсіп кәсіпорындары үшін білікті мамандар дайындау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік бойынша оқыту, МАГАТЭ кепілдіктерін қамтамасыз ету, жерасты ұңғылап сілтілендіру геотехнологиясына қатысты және ПВ кәсіпорындарына геологиялық-геофизикалық қызмет көрсетуде ақпараттық технологиялар мен бағдарламалар жасау және жаңа әдістемеліктерді жетілдіру мақсатында құрылған.

Заңды мекен-жайы: Қырғыз Республикасы, Қара-балта қ., Труд көшесі, 1а.

Нақты тұрған жері: Қырғыз Республикасы, Қара-балта қ., Труд көшесі, 1а.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 15.05.02 жылғы Тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №17280-3300-ООО(ИУ).

Жетекшісі: Савченко Геннадий Аркадьевич.

10. “Бетпақ Дала” ЖШС жарғылық капиталының 30 %. “Бетпақ Дала” ЖШС Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысының “Ақдала” кен орнында өндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында құрылған.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Қыземшек к.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 64.

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 03.03.04 жылғы тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі №61547-1910-ТОО.

Жетекшісі: Рыспанов Нұрлан Бектасұлы.

11. “Тау-кен компаниясы” ЖШС жарғылық капиталының 100 %. “ТКК” ЖШС уран өндіруді жерасты ұңғылап сілтілендіру тәсілімен жүзеге асырады, ол дәстүрлі тәсілдерден қорды сақтау мен үнемдеудің жоғарғы деңгейімен ерекшеленеді, қоршаған ортаны ластауды және экологиялық зардапты азайтады.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ОҚО, Созақ ауданы, Таукент кенті.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жібек жолы көшесі, 50

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 19.08.2004 жылғы Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі № 22785-1958-ТОО.

Жетекшісі: Язиков Виктор Григорьевич.

12. “Қазатомөнеркәсіп-Демеу” Корпоративтік қор” Коммерциялық емес ұйымға қатысты үлес 100 %. “Қазатомөнеркәсіп-Демеу” Корпоративтік қор” Компания кәсіпорындарының жұмыскерлеріне және олардың отбасыларына өмір сүру сапасын арттыру және тұруға лайықты жағдайлар жасау арқылы КҚ “Қазатомөнеркәсіп”-тің қалашықты кәсіпорындарына мамандарды тарту және тұрақтандыру жөнінде стратегиялық мәселелерді шешу үшін құрылған.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, ОҚО, Созақ ауданы, Таукент кенті.

Нақты тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 168

Тіркелуі туралы мағлұматтар: 27.09.2004 жылғы Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, тіркеу нөмірі № 22968-1958-Ф-д.

Жетекшісі: Тұрсынбаев Рүстем Тұрарұлы.

17. Компанияның қатысы бар өнеркәсіптік топтар, холдингтер, концерндер және ассоциациялар туралы ақпарат

Компания мына ассоциацияларға мүше болып табылады:

World Nuclear Association (Дүниежүзінің Ядролық Ассоциациясы), London, United Kingdom, Website: www.world-nuclear.org. 1993 жылдан ассоциация мүшесі.

Tantalum-Niobium International Study Center (Тантал-ниобий Ассоциациясы), Brussels, Belgium, Website: www.tanb.org. 1999 жылдан ассоциация мүшесі.

The World Nuclear Fuel Market (Ядролық отынның әлемдік рыногы), Norcross, Georgia, USA

Ассоциация 17 елдің 75 компаниясын біріктіреді.

Ассоциацияның мақсаты – ядролық материалдарды сатуға мүмкіндік туғызу, баға туралы қазіргі дәл әрі пайдалы ақпаратқа саланы жеткізуді дамыту.

Website: <http://www.wnfm.com>. “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” ассоциация құрамына 2002 жылдың мамырында кірген.

“Қазақстан ядролық қоғамы” ассоциациясы, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Ассоциация Қазақстанның атом өнеркәсібінде және энергетикасында істейтін барлық ұйымдарды қамтиды. Олар – Ұлттық ядролық орталық, Ядролық физика институты, “МАЭК-Қазатомөнеркәсіп”, “ҮМЗ” ААҚ, “КАТЭП” АҚ, ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитеті, Геофизикалық

зерттеулер институты, Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ мен Абай атындағы АМУ-дің физика факультеттері.

“Қазақстан ядролық қоғамы” ассоциациясының міндеттері: атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану саласының ғылыми-техникалық саясатын қалыптастыруға қатысу; осы салада мемлекеттік және халықаралық бағдарламалар мен жобаларды сараптауға қатысу; ядролық ғылымдағы, техника мен технологиядағы, радиациялық экологиядағы жаңа жетістіктерге қажетті ақпараттарды беру және алмасу арқылы кәсіптік мүдделерді қанағаттандыру; бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты қоса кең түрде ақпарат алмасуды ұйымдастыру; атом энергиясының тәжірибелік пайдасы туралы объективті көзқарасты қалыптастыруда қоғамдастықтармен жұмыс істеу; атом энергиясы саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАҚ” 2002 жылдан ассоциация мүшесі.

Web sit мекен-жайы: <http://w.w.w.nuclear.kz>

18. Басқа аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметтер

Компанияның басқа аффилиирленген тұлғалары жоқ.

18-1. Қоғамның аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАҚ” АҚ-тың алғашқы жарғылық капиталы құралған сәтте 3 373 136 мың теңгелік соманы мыналардан тұрған:

- 1) оңтүстік кен басқармаларының мүліктік кешендері құнынан:
 - Орталық кен басқармасының - 347 872,7 мың теңге сомасы;
 - Степное кен басқармасының - 361 762,9 мың теңге сомасы;
 - № 6 кен басқармасының - 162 360 мың теңге сомасы;
- 2) акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акция пакеттерінен:
 - “Волковгеология”, “Волковгеология” АҚ акцияларының жалпы санынан 90% құрайтын – 114 093,9 мың теңге сомасы;
 - “Үлбі металлургиялық зауыты”, “ҮМЗ” ААҚ акцияларының жалпы санынан 90% құрайтын – 2 383 447 мың теңге сомасы (ЖК ҰАҚ-тан 66%);
 - “КАТЭП”, “КАТЭП” АҚ акцияларының жалпы санынан 51% құрайтын – 3 600 мың теңге сомасы (ЖК ҰАҚ-тан 0,11%).

03.06.1999 жылғы “Қазатомөнеркәсіп” ҰАҚ Басқармасының №12 Шешімімен “КАТЭП” АҚ акцияларының пакеті, акцияларының жалпы санынан 51% құрайтын “КАТЭП” АҚ саны 10 000 дана акцияларын “КАТЭП” АҚ-тың өзі сатып алды. “Қазатомөнеркәсіп” ҰАҚ жарғылық капиталына “КАТЭП” АҚ акцияларының орнына олардың баламалы бағасы ақшалай 3 600 мың теңге салынды.

“Волковгеология” ААҚ 188 880 дана акцияларын 7.12.00, 26.04.01, 30.05.01, 15.06.01, 23.08.01 және 10.09.01 кездерде нөмірсіз Шарттармен “ҮМЗ” АҚ өткізген болатын. “Қазатомөнеркәсіп” ҰАҚ жарғылық капиталына “Волковгеология” ААҚ акцияларының орнына олардың баламалы бағасы нақты құны бойынша ақшалай 32 109,6 мың теңге сома салынды.

19. Компанияның негізгі қызмет түрлерін қысқаша баяндау, акционерлік қоғамның бәсекелестері бола алатын ұйымдар туралы мәліметтер

Компанияның еншілес ұйымдарының, тәуелді акционерлік қоғамдарының және бірлескен-бақылау кәсіпорындары қызметтерінің негізгі бағыттары:

- табиғи уран кен орындарын барлау;
- табиғи уранды өндіру;
- уран өнімдерін шығару;
- бериллий өнімдерін шығару;
- тантал, ниобий өнімдерін және плавик қышқылын шығару;
- электр, жылу энергиясын және су шығару болып табылады.

Өндірістік мүмкіндіктер мен әр өнім бойынша әлемдік рыноктердегі сұраныстарды талдай отырып, “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” 2001-2005 жылдары дамудың мына артықшылықтарын алады:

Табиғи уран өндіруде:

- уран экспортының өткізу көлемін ұлғайту мен жағырапиясын кеңейту;
- әлемдік ең ірі өндірушілер – Кожема, Камеко, РФ Атомминімен және басқалармен табиғи уран өндіру бойынша бірлескен кәсіпорындарды дамыту;

“ҮМЗ” ААҚ-та уран өнімдерін өндіруде:

- отын таблеткаларын шығаруда РФ Атомминінің тапсырысын сақтау және сапасын арттыру мен өнімнің жаңа түрлерін игеру есебінен батыстық тұтынушыларға шығу;
- уран өндірісін толтыру бағытында таблеткаларға балама болатын ураны бар материалдардың қайта өңдеу көлемін ұлғайту;

Бериллий өнімдерін шығаруда:

- мыс-бериллий лигатурын алуда жаңа технологияны ендіру;
- бериллий гидро тотығын шығару бойынша қуаттарды қайта жасау;
- бериллий қоласынан прокат шығаруды игеру;

Тантал өнімдерін шығаруда:

- жоғарғы сыйымды ұнтақтар шығару технологиясын дайындау және игеру;
- тантал-ниобий шикізатын кешенді қайта өңдеу бойынша технологияны әзірлеу және қуаттарды жасау;
- ниобий өнімдерінің толық спектрін (жиынын) шығаруды игеру.

Дүние жүзінде уран қойыртпасын ең ірі өндіруші Канада болып табылады, оның 1996 жылғы әлемде барлық уран өндірудегі үлесі **34 %** болды. 1999 жылы оның үлесі **26 %**-ға төмендесе де, болашақта өндіру анағұрлым өседі деп күтілуде. Өндіру бойынша екінші орынды барланған ірі уран қорлары бар Австралия алады. Қазақстан өндіру бойынша 8-орында, бірақ сонымен қатар барланған қорлары **19 %** (2-орын) және болжалған қорлары шамамен **25 %** (Австралиямен бірінші – екінші орындарды бөліседі) құрайды.

АҚШ энергетика департаментінің жанындағы Есептеу агенттігінің (EIA – Energy Information Administration) есебі бойынша 2010 жылға дейін 129 мың тонна ресейлік конверсиондық уранын, 14 мың тонна АҚШ конверсиондық уранын және 15 мың тонна АҚШ табиғи уранын қосқанда, Ресей мен АҚШ стратегиялық қорларынан 158 мың тонна уран (байытылмаған уранға есептегенде) сатылатын болады. Жақын 10 жыл ішінде АЭС қажеттіліктері стратегиялық қорлардан (2002 жылы) **21 %**-дан **15 %**-ға дейін (2010 жылы) қамтамасыз етіледі.

2000 жылы екі ірі уран өндіруші компаниялардың – Camoco мен Cogema үлестеріне әлемдік өндірудің **34 %** жуығы болса, 8 ірілері **81 %** өндірді. Жеткізудің үлкен бөлігі ұзақ

мерзімді шарттармен жүзеге асырылатындығын есепке алсақ, рынокты монополиялаудың жоғарғы дәрежесі жаңа тәуелсіз компаниялардың пайда болу мүмкіндігін едәуір шектеуде.

Канада мен Австралия таяудағы 5 жылда өз аумақтарында өндіруді ұлғайта түсуге тиіс және 2005 жылдан бастап әлемдік қажеттіліктің **37 %** -на жуығын бірлесіп қамтамасыз етпек. Қазақстан кіретін, “басқа мемлекеттердің” жеткізу үлесі 2005 жылға дейін шамамен өзгеріссіз қалады (37 %, 23 мың тонна), сонан соң, болжаудағы атом энергетикасының қажеттіліктерінің ақырын өсуі жағдайында, біртіндеп көбейетін болады – 2010 жылға қарай **40 %** немесе 27 мың тоннаға дейін.

20. Сату кірісіне оң және кері әсер ететін жағдайлар

Бүгінде “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” уран мен оның қосылыстарын, атомдық энергетикалық станциялар үшін ядролық отынды экспорттау және импорттау бойынша Қазақстанның ұлттық операторы болып табылады, сондай-ақ өз қызметін бериллий мен танталдың халықаралық рыногында жүзеге асырады. Компания өнімдерінің 100 %-ы алыс және жақын шет елдердің рыноктарына шығарады. Осыған байланысты “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” өз қызметінде, Компания қатысатын және қызметін іске асыратын, халықаралық рыноктардағы экономикалық жағдайға (бәсекелестік, сұраныс, ұсыныс, баға саясаты және басқалар) тікелей байланысты негізгі экономикалық тәуекелдерге душар болады.

Уран рыногы

Әлемдік уран рыногының басты ерекшелігі сауда операцияларын реттейтін халықаралық және ұлттық ережелер санының тым көптігінде. Ол, біріншіден, ядролық қару жасағанда уранды негізгі құрамбөлігі ретінде пайдалануға, және, екіншіден, атом электр станцияларына қойылатын қауіпсіздіктің айрықша талаптарына байланысты. Бүгінгі күнде “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК”-тың халықаралық уран рыногында қатысуы, Компанияның халықаралық және ұлттық ережелердің барлық қажетті талаптарын орындауына индикатор болып табылады.

Уран бойынша бірден-бір шикізат болып табылуы Компанияның тұрақтылығы мен тиімділігінің негізі. Қазақстан уран қоры бойынша әлемнің жетекші мемлекеті болып табылады.

Соңғы кезге дейін уран бағасы өте төмен болды, оны қарулану жылдарында жиналған қоймалық уран қорларының рыноктарға қысымымен түсіндіруге болады.

Бүгінде уран бағасының тұрақты өсуі байқалады. Ол, талдаушылардың есебі бойынша, табиғи уранның алдағы тапшылығы мен қоймалық қорлардың азаюынан әлі де жалғаспақ. Компания бұл жағдайларда әлемдік рыноктардағы жәйттерге мүмкіндігінше жылы ілтипатпен жауап береді.

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” стратегиясы, рынокта уран тапшылығы пайда бола бастасымен сатып алушыға жоғарғы шектегі өнімді ұсынып, уран өндіру мен қайта өңдеуден түскен пайданы мейлінше ұлғайтуға мүмкіндік беруге бағытталған.

Әлемдік атом энергетикасы жағдайы мен энергетика салаларының алдындағы міндеттерін объективті талдау қазіргі уақытта атом энергетикасының ғана болашағы зор екендігін көрсетеді. Осы жәйтті ескере отырып, әлемде жаңа атомдық электр станцияларын Солтүстік Американың, Еуропаның және Оңтүстік-Шығыс Азияның дамыған елдерінде салуды жоспарлауда, ал ол өзімен бірге атомдық станциялар үшін отынға деген сұраныстарды көбейтуге әкеледі.

Тантал рыногы

Соңғы он жылда тантал аэрокосмостық өнеркәсіпте, энергетикада, өнеркәсіптік микроэлектроникада, химиялық машина жасауда және басқа салаларда кең пайдаланылады.

Тантал рыногы мейлінше қолайлы конъюнктурлы сипат алды. Әлемде, әсіресе индустралды дамыған елдерде тантал өнімдерін шығару мен тұтыну жылына 8-10 % -дай мөлшерде өсетін болады.

Жақын арадағы 2-3 жылда тантал шикізаты бағасының болжамды деңгейі 5-10 % артады.

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАК”-та тантал шығарудың – кен қосындысын қайта өңдеуден тантал өнімін алуға дейінгі - толық циклы бар. Өндіріс “Үлбі металлургия зауыты” ААҚ-та шоғырланған. Бүгінде “ҮМЗ” ААҚ шығаратын тантал өнімі әлемдік көлемнің 8 %-дан астамын құрайды.

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” тантал өндірісінің бүгінгі кемшіл жағы - өз шикізатының жоқтығы. Осы уақытқа дейін сату көлемінің негізін толлингтік шарттар бойынша қызметтерді іске асыру құрады.

Бериллий рыногы

Бериллий мен оның балқымаларынан жасалған бұйымдардың әлемдік рынокта сұранысы жоғары. Құрамында бериллий бар негізгі материалдарды сатудың жылдық көлемі 700 млн. доллардан артық бағаланады. Бериллий мынадай түрде тұтынылады: бериллий балқымаларына 75 % -ы келеді, 2 %-дан кем бериллийі бар негізгі мыс-бериллий (бериллийлі қола); 15 %-ы бериллий оксидіне және 10 %-ы металлды бериллийге келеді. Сонымен бірге бериллийлі қолаға сұраныс өсуде және ірі өндірушілер сұранысты қанағаттандыру үшін өндірісті кеңейтуде.

Болжамдар бойынша бериллийдің көп бөлігі бериллийлі қола сияқты балқымалар түрінде пайдаланатын болады. Бұл металға сұраныс электрониканың, телекоммуникация жүйелерінің және компьютер техникасының алдағы дамуына қарай өсе береді.

2000 жылдың қыркүйегінде лигатурларды жіберуге “Bruch Wellman”-мен ұзақ мерзімді шартқа қол қойылды. Келісім, өндіріс тұрақтылығына, өндіріс қуаттарын арттыруға, қазақстандық өнімнің мерейін көтеруге кепілдік беретін бериллий өнімінің едәуір көлемін ұзақ уақыт бойы жеткізуді көздейді. Одан басқа “ҮМЗ” ААҚ бериллий өнімдерін “Tropag GmbH” (Германия) фирмасы арқылы сатып, көп жыл ішінде басқа өндірушілермен табысты бәсекеге түскен “ҮМЗ” ААҚ-тың тұтыну баға саясаты үшін тартымдылығымен себепші болған, еуропалық рынокта мықты орын алып отыр. Бір мезгілде ресей рыногының біртіндеп бериллий өнімдеріне қайту үдерісі жүріп жатыр.

21. Соңғы екі жылда өткізілген өнімдер көлемі

2004 жылы ұқсатылған өнімдерден шоғылтылған пайда 2003 жылмен салыстырғанда 50,9 % өсіп, 42 664,3 млн теңге құрады. Сонымен:

- Кірістің 44,1 %-ын (18 818,42 млн. теңге) ұқсатылған уран өнімдері құрайды,
- 4,07 %-ы (1 732,33 млн.теңге) – бериллий өнімдерін ұқсатудан,
- 6,08 %-ы (2 596,84 млн.теңге) – тантал-ниобий өнімдерін ұқсатудан,
- 0,5 %-ы (53,52 млн.теңге) – плавик қышқылын ұқсатудан,;
- 20,23 %-ы (8 632,63млн.теңге) – электр энергиясы,
- 2,16 %-ы (918,13 млн.теңге) – жылу энергиясы,
- 2,31 %-ы (985,54 млн.теңге) – су.
- 20,55 %-ы (8 771,7 млн.теңге) – басқа ұқсатулардан.

Кіріс/шығыс баптары	2003ж.	2004 ж.	өсуі - + кемуі - %
Ұқсатудан түскен кіріс, барлығы	28 330 135	42 664 254	+ 50,59
соның ішінде:			
уран өнімдері	14 944 426	18 818 422	+ 25,9
бериллий өнімдері	1 774 676	1 732 325	- 2,38
тантал өнімдері	2 345 463	2 543 321	+ 8,44
ниобий өнімдері	210 691	53 523	- 74,6
плавик қышқылы	143 028	143 028	+ 45,89
электр энергиясы	4 545 085	8 632 634	+ 90
жылу энергиясы	382 322	918 129	+140,1
су	509 911	985 543	+ 80,1
басқа кірістер	3 474 533	8 771 695	+ 152,5
Экспортты ұқсатудан түскен кіріс, барлығы:	19 418 284	23 333 422	+ 20,27
Соның ішінде:			
уран өнімдері	14 944 426	18 811 973	+ 25,87
бериллий өнімдері	1 774 676	1 711 257	- 3,57
тантал өнімдері	2 345 463	2 540 065	+ 8,29
ниобий өнімдері	210 691	53 440	- 74,63
плавик қышқылы	143 028	201 983	+ 41,21
басқалар		14 704	+ 100

22. Компанияның өнімдерді сату бойынша қызметі

“Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” өнімдердің сапасын көтеру, жоғалған байланыстарды қайта орнату, ұқсату рыноктарын кеңейту, жаңа технологияларды енгізу, өндірістік телімдерді мамандандыру бойынша кешенді шараларды іске асырды. Компанияның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының қызметтеріне халықаралық экологиялық аудит жүргізілді. Қазақстан уранын АҚШ пен Еуропаға сатуға антидемпингтік шаралар мен квоталар алынып тасталды. “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” (“ҮМЗ” ААК) уран, бериллий және тантал өндірісінің сапасын басқару жүйесін, уран, бериллий және тантал өнімдерін халықаралық стандарттар талаптарына толық сәйкес шығаруды қамтамасыз ететін, ISO-9002 стандарты бойынша TUV-CERT халықаралық органы куәлендірді. “ҮМЗ” ААК тауар белгісі Қазақстанда, Ресейде, Болгарияда, Ұлыбританияда, Германияда, Қытайда, Польшада, Словакияда, АҚШ-та, Чехияда, Францияда, Жапонияда тіркелген. Әлемдік жетекші фирмалармен бірлескен кәсіпорындар құрылды. “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” жүргізген шаралары мен тиімді менеджменті арқасында бүгінгі күні әлемдік компаниялар арасында сенімді әрі тұрақты, халықаралық рыноктарда Компанияның өз позициясын ұстайтындай, өнімдерін кепілдікпен ұқсататын және рынок бағасын қалыптастыруға ықпал ететін рейтингке ие.

Үлестеріне 2004 жылы өндірілген өнімдердің жалпы құнының 5 және одан астам пайыздары келетін тұтынушылар:

Сатып алушы	Елдер	Жалпы ұқсатудан үлес
Itochu Corp.	Жапония	26,33 %
CNEIC	Қытай	20,86 %
Ньюкем ГмбХ	Германия	13,59 %
Ньюкем Инк.	АҚШ	25,53 %

2004 жылдың қорытындысы бойынша Компания 3 922 783 мың теңге сомасына өнімдер жеткізуге шарттар жасаған. Қазақстан Республикасының жеткізуші-резиденттерінің үлесі 93 % -ды құрайды.

Тұтынған тауарлардың жалпы құнының 5 және одан астам пайыздары келетін жеткізушілер:

Жеткізуші	Ел	Тауар атауы	Мың теңге-мен сомасы	Жеткізудің жалпы көлеміндегі үлесі (%)
“Химимпекс” ЖШС	ҚР резиденті	күкірт қышқылы, ион айырбас.шайыр ПВХ құбыр өнімі	938 170,6	23,9 %
“Стандарт Ойл ЛТД” ЖШС	ҚР резиденті	ЖЖМ	291 979	7,4 %
“Қуат” ЖШС	ҚР резиденті	ПНД, ПВХ құбырлары	146 406,5	3,7 %
Odesse фирмасы	Германия	Батыру сораптары	133 310	3,4 %
“Grupart Pumpen	Германия	SP,CRN сораптары	136 557	3,5 %
“СОДА” ЖАҚ	ҚР резиденті	Аммиак селитрасы, сұйық ащы натрий	170 718	4,4 %

23. “Қазатомөнеркәсіп” ҰАК” АҚ қызметіне ықпал ететін факторлар

1. Компанияда мезгілдік сипаттағы қызметтер жоқ.
2. Төменде келтірілгендер:
 - а) өнімдер өндірісіндегі импорт үлесі туралы мәліметтер

	Өлшем бірлігі	2003 жылда	01.01.04ж. ӨӨҚ %-ы	01.10.2005ж. басына	01. 01.05ж. ӨӨҚ %-ы
Өндірілген өнімнің өзіндік құны. Барлығы	мың тг.	16 841 675		25 034 012	
Барлық импорт:	мың тг.	2 974 849	17,6	3 054 774	12,20
соның ішінде:					
ТМД елдерінен	мың тг.	670 858	4	917 255	3,5
алыс шет елдерден	мың тг.	2 303 991	13,6	2 137 509	8,53
өнім түрлері бойынша:					
уран өнімдерін өндіру үшін	мың тг.	764 406	4,5	573 8230	2,29
бериллий өнімдерін өндіру үшін	мың тг.	324 215	1,9	629 316	2,51
тантал өнімдерін өндіру үшін	мың тг.	1 389 977	8,3	1 734 367	6,92
ниобий өнімдерін өндіру үшін	мың тг.			17 516	0,06
плавик қышқылын өндіру үшін	мың тг.			5 385	0,02
басқалары	мың тг.	496 251	2,9	94 367	0,37

- б) ұқсатудан түскен жалпы кірістегі экспорт үлесі туралы мәліметтер:

	Өлшем бірлігі	2003 жылда	01.01.04ж. кіріс көлемінен %-ы	01.10.2005ж. басына	01.01.05ж. кіріс көлемінен %-ы
Ұқсатылғандардан түскен кірістер, барлығы	мың тг.	28 330 135		42 664 254	
Экспортта ұқсатылғандардан түскен кірістер, барлығы:	мың тг.	19 418 284	68,54	23 333 422	54,69
соның ішінде:					
уран өнімдері	мың тг.	14 944 426	52,75	18 811 973	44,09
бериллий өнімдері	мың тг.	1 774 676	6,26	1 711 257	4,01
